

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК**

ҚАРАЛДЫ

Әдістелік кеңес

отырысында

Хаттама

Әдістелік бірлетік

жетекшісі Ж.М. Жаканова

«01» 09 2021ж

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

С.С. М.К. Сарина

«01» 09 2021ж



БЕКІТІМІН

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

менгерушісі

М.К. Каргатаева

«01» 09 2021ж

«Ұлтық қазына»
«Таным» білім беру саласы
«Математика негіздері» бөлімі бойынша вариативтік компонент
БАҒДАРЛАМАСЫ
2021ж.-2024ж.

Құрастырушы: тәрбиеші Жаканова Ж.М.

МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба	1-2
Бағдарламаның жоспары.....	3-4
Вариативтік компонент бағдарламаның әдістемелігі.....	5-6
Тақырыптық – оқу жоспар.....	6-9
Қорытынды.....	10
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	11
Қосымшалар.....	12-18
Жұмыс дәптері.....	19-40

РЕЗЕНЦИЯ

Мен, Жаканова Жанагуль Мербуловна, «Балбөбек» бөбекжайы» І санатты тәрбиеші қызметін атқарамын.

Тәрбиеші болу – үлкен жауапкершілікті талап ететін, бала болашағына негіз қалайтын маңызды мамандық.

«Ұлттық қазына» вариативтік компонент бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымның «Таным» білім беру саласы негізінде құрастырылған. Бағдарлама мазмұны мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, олардың логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту болып табылады. Сонымен қатар, бағдарламада балаларды ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, ұсақ моториканы дамыту мәселелері тиімді қамтылған.

Автор бағдарламаны құрастыру барысында заманауи педагогикалық технологияларды, соның ішінде ойын технологиясын, сыни тұрғыдан ойлау элементтерін ұтымды қолданған. Берілген тапсырмалар мен ойындар балалардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның құрылымы жүйелі түрде жасалған: түсіндірме жазба, мақсат-міндеттері, күтілетін нәтижелері, тақырыптық жоспар, әдіс-тәсілдері толық қамтылған. Әсіресе, жұмыс дәптерінің болуы – бағдарламаның практикалық маңыздылығын арттырып, оқу материалын тиімді меңгеруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, бағдарламада пәнаралық байланыс (математика, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру, көркем әдебиет, сурет салу) жақсы қарастырылған. Бұл балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізеді.

Жалпы алғанда, «Ұлттық қазына» вариативтік компонент бағдарламасы мазмұны жағынан құнды, әдістемелік тұрғыдан сауатты құрастырылған. Бағдарламаны мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға ұсыныс жасауға болады.

Түсінік хат

Бүгінгі басты міндетіміз – білім сапасы десек, оны арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесіндегі түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Қазіргі балалардың ертеңі – бұл ақпараттық қоғам. Сондықтан бала ақпараттық қоғамда өмір сүру үшін психологиялық тұрғыдан дайын болу керек. Балалардың зейінін тұрартандыру, қабылдану және танымдылық қабілетін жоғарылату. Оқу қызметінде белсенді қатысу шығармашылық ізденіске талпындыру жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану.

Қазіргі бөбекжай тәжірбиесінде қолданып жүрген сыни ойлауды дамыту технологиясының стратегиясының баланың ойлауына, шығармашылық ізденісіне, педагогтың шеберлігіне жол ашады. Жаңашыл әдістерді қолдану нәтижесінде: баланың ойлауына, бала белсенділігіне сөздік қорын дамытуға, баланың өзіндік пікірінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Бала өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады. Ойын баланың ой-өрісін кеңейтеді, қызығушылығын арттырады, шығармашылығын дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда ойын технологиясын пайдалану қажет. Балабақшаның басты міндеттерінің бірі бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын жан-жақты дамыту. Асық ойыны – әр өлкеде әртүрлі ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған ұлттық ойындардың ішінде аса танымалы және қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының ең қызықты әрі өте кең тараған түрі. Сондықтан ғасырлар бойы халықтың зердесінде сақталып келген осы бір ойынды өскелең ұрпақты тәрбиелеудің құралы ретінде пайдаланған жөн. Бұл ойын мазмұны жағынан ұтыс ойыны тобына жатады. Қазіргі ауыл және қала балаларының ойнап жүргені «асық ату» ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді.

Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан қалыптасқан. Асықты ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды.

Осы бағытта келешек ұрпаққа асық ойындарының тәрбиелік мәнін зор екендігінің, мергендікке, шапшандыққа ептілікке және қырағылыққа жекелейтінін дәлелдеу мақсатында біздің бөбекжайда біраз жұмыстар жүргізіліп отыр.

Бағдарламаның мақсаты:

Мектепке дейінгі жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, асық ойындарына қызығушылығын туғызу, ұлттық құндылықтарымызды қадірлеуге тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндетері:

- Зейін, ес, ойлау, танымдық қабілеттерін дамыту;
- Балалардың сөз қорларын байыту, сөйлем құрастыра білуге үйрету.
- Дене күшін жетілдіруге, ерік-жігерін шыңдай түсуге, қол моторикасын дамыта отырып, мергендікке баулу, мүсінді түзетуге бағыттау.

«Ұлтық қазына» вариативтік компонент меңгерту бойынша өткізілетін әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлау барысында жоғарыда атап көрсетілген мақсат-міндеттерді орындау, мектепке дейінгі ересектер топ балаларының жас ерекшеліктері мен қабылдау қабілеттерін ескере отырып, жоспарланып жүргізіледі.

Бұл жастағы балалардың жан-жақты дамуына, олардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға, қызығушылығы мен ізденісін тудыруға арналған әдіс-тәсілдер, жұмыс формалары арқылы жүргізіледі.

Өзектілігі:

- Балалардың асық ойындарына деген қызығушылығы артады.
- Берілген тапсырмаларды шешуге өз күшін (ерік)-жігерін жұмсайды;
- Берілген тапсырмаларды ұғынып орындай білу;
- Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне (пішініне, түсі т.б.) қарай талдау, сараптау, салыстыру, кеңістікті бағдарлап, салыстырмалы түрде ойлай алады.

Күтілетін нәтиже:

Асық ойынның түрлі әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп орындай алады және жұмыстарын қортындылап, дәлелдеп береді.

-ойынға деген бейімділігі мен икемділігі қалыптасады;

-ойлау қабілеті артады;

-шеберлік, іскерлік дағдылары шыңдалады.

Әдіс – тәсіл түрлері, білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары:

- Түсіндіру
- Сұрақ – жауап
- Слайд көрсету
- Санамақ
- Ойын
- Мақал – мәтел
- Сурет салу
- Құрастыру
- Есеп шығару
- Логикалық жаттығулар
- Жарыс-сайыс

«Ұлттық қазына» вариативтік компоненттің аталған әдіс-тәсілдерді тиімділігіне қарай қолдана отырып, балалардың жан-жақты дамуына қажетті, білім салалары арасындағы байланыс орнатуда қамтылған.

Өйткені, математика басқа білім салаларындағы:

- ✓ Жаратылыстану
- ✓ Құрастыру
- ✓ Қоршаған ортамен таныстыру;
- ✓ Сенсорлық
- ✓ Көркем әдебиет;
- ✓ Сурет салу т.б. бөлімдермен үнемі байланыста жүреді.

**Вариативтік компонент бағдарламасының
перспективтік жоспары**

№	Тақырыбы	Міндеттері
1	«Ұлттық ойындардың бірі-асық ойыны»	Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту.
2	«Асықтың түрлері»	Асық ойынының барлық ережелерін, қыр – сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлері мен ерекшеліктерін білу.
3	«Асықтың атаулары»	Балаларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу, қазақ халқының брендтерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой туғызу.
4	«Сиқырлы асықтар»	Ойын түрлерін қолдану арқылы балалардың танымдық қызығушылығын арттыру.
5	«Алшы түрі»	Асықтың Алшы түрлерімен ерекшеліктерін таныстыру.
6	«Тәйке түрі»	Асықтың Тәйке түрлерімен ерекшеліктерін таныстыру.
7	«Бүк түрі»	Асықтың Бүк түрлерімен ерекшеліктерін таныстыру.
8	«Шік түрі»	Асықтың Шік түрлерімен ерекшеліктерін таныстыру.
9	«Математикалық эстафета»	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту.
10	Қазақтың ұлттық ойыны «Ханталапай»	Асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу.
11	«Асықты түсіне қарай қорапшаға сал»	Қоржыннан төгілген түрлі түсті асықтарды өз түстеріне қарай ажыратып, қорапшаға орналастыру. Түстерді атай білуге, ажырата білуге үйрету. Баланың танымын қалыптастыру.
12	«Кім шапшаң?»	Карточкада берілген сандарды әр түсіне қарай жайылған төсеніштерге шапшаң орналастыру. Түстерді атай білу. Асықтарды санай білу. Ой өрісін

		дамыту.
13	«Санамақ»	Балалар қолдарына берілген асықтарды ілгері кейін санап үйрену. Есте сақтау қабілетін дамыту.
14	«Асықтарды жина»	Жылдам санау дағдыларын ұштау.
15	«Сиқырлы асықтар»	Табиғи материалдармен асықтарды пайдалана отырып белгілі бір бейнені жасай білу дағдыларын қалыптастыру.
16	«Бүк-Шік»	Асық ойынының барлық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшеліктерін білу. Асық арқылы санап есептеу дағдыларын қалыптастыру.
17	«Асықпен сурет салу»	Өз жұмысын түсіндіре отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.
18	«Асық туралы мақал-мәтел»	Мақал- мәтелдерді дұрыс қолдана білуге, әдептілікке, ұлттық дәстүрді құрметтеуге баулу.
19	Асық туралы өлең шумақтарын оқу	Ойлау қабілеттерін арттыру.
20	Есеп шотпен санау	1- ден 5- ке дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру.
21	«Қызықты дойбы»	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу.
22	«Асықтарды түсіне қарай орналастыру»	Тапсырмаға зейін қоя отырып, тапсырманы тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.
23	«Асықтарды санау»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту
24	«Асықпен геометриялық пішіндерді құрастыру»	Балаларға геометриялық пішіндер жайлы білім беру. Қолдарының моторикасын дамыту.
25	«Құмда асықпен әр түрлі бейнелерді салу»	Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
26	«Не үйрендік?»	Балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру.
27	«Кім тапқыр?»	Берілген материалды талдай білуге, зейінін және байқағыштығын дамыту.
28	«Ойлан, тап!»	Дұрыс емес деп тапқан қатесін алған білімнің негізіне қарай түзетуі, қайшылықтарды көре білуге үйрету.

29	«Жұмбақ есептер»	Балаларды жұмбақ есептің шартын дұрыстап тыңдап, оның жауабын ойланып жауап беруді үйрету.
30	«Логикалық тізбек»	Нақты, дәл жауап беруге үйретіп, логикалық ойлауын дамыту.
31	«Асықтар тізбесі»	Әр түсті асықтарды пайдалану арқылы сан және санау жүйесін иегереді. Қол икемділігі дамиды.
32	«Суретті аяқта»	Берілген тапсырманы орындауға зейінін шоғырландырып, ойлауын дамыту.
33	«Айырмашылығын тап»	Қарапайым талдау, жинақтау жасай отырып, балаларда түрлі логикалық ойлау тәсілдерімен ойлануын дамыту.
34	«Суретпен жұмыс»	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу
35	«Асықтарды санау. Тура және кері санау»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту
36	«Асық-алтын қазынам!»	Әр түрлі-түстегі асықтармен қарапайым математикалық сандарды санап үйрету.

«Ұлттық қазына»
Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	«Ұлттық ойындардың бірі-асық ойыны»	1	06.09.2023
2	«Асықтың түрлері»	1	13.09.2023
3	«Асықтың атаулары»	1	20.09.2023
4	«Сиқырлы асықтар»	1	27.09.2023
5	«Алшы түрі»	1	04.10.2023
6	«Тәйке түрі»	1	11.10.2023
7	«Бүк түрі»	1	18.10.2023
8	«Шік түрі»	1	25.10.2023
9	«Математикалық эстафета»	1	01.11.2023
10	Қазақтың ұлттық ойыны «Ханталапай»	1	08.11.2023
11	«Асықты түсіне қарай қорапшаға сал»	1	15.11.2023
12	«Кім шапшаң?»	1	22.11.2023
13	«Санамақ»	1	29.11.2023
14	«Асықтарды жина»	1	06.12.2023
15	«Сиқырлы асықтар»	1	13.12.2023
16	«Бүк-Шік»	1	20.12.2023
17	«Асықпен сурет салу»	1	27.12.2023
18	«Асық туралы мақал-мәтел»	1	03.01.2024
19	Асық туралы өлең шумақтарын оқу	1	10.01.2024
20	Есеп шотпен санау	1	17.01.2024
21	«Қызықты дойбы»	1	24.01.2024
22	«Асықтарды түсіне қарай орналастыру»	1	31.01.2024
23	«Асықтарды санау»	1	07.02.2024
24	«Асықпен геометриялық пішіндерді құрастыру»	1	14.02.2024
25	«Құмда асықпен әр түрлі бейнелерді салу»	1	21.02.2024
26	«Не үйрендік?»	1	28.02.2024
27	«Кім тапқыр?»	1	6.03.2024
28	«Ойлан, тап!»	1	13.03.2024
29	«Жұмбақ есептер»	1	20.03.2024
30	«Логикалық тізбек»	1	27.03.2024
31	«Асықтар тізбесі»	1	03.04.2024
32	«Суретті аяқта»	1	10.04.2024
33	«Айырмашылығын тап»	1	17.04.2024
34	«Суретпен жұмыс»	1	24.04.2024
35	«Асықтарды санау. Тура және кері санау»	1	08.05.2024
36	«Асық-алтын қазынам!»	1	15.05.2024

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымда асық ойындарын барлық білім беру саласы бойынша қолдануға тиімді әдістің бірі. Атадан балаға мұра болып келе жатқан асық ойнына деген мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығын арттыра отырып, ұлттық құндылықтарымызды білуге, қастерлеуге және балалардың бойында ұлттық сезімді оята отырып, патриотизмге тәрбиелеуге атсалысу керек.

Жаңа материалдарды жұмыс жасау, қайталау, түрлі әдіс-тәсілдерді кезектестіріп қолдану, оларды шебер үйлестіру бала қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттырып, педагогикалық үрдістің тиімділігін көрсетеді. Сондай-ақ вариативтік компонент баланың ақыл-ойының дамуына үлкен ықпал ете отырып, балалардың ойлауын, есте сақтау қабілеттерін жетілдіріп, жоғарыдағы күтілетін нәтижелерге жеткізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаш айнасы газеті. 2010.22.05.
2. Асық ойынын үйрету әдістемесі.Орал.2016ж.
3. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы 2005ж.
4. Т. Асқартегі Асық – мергендікке тәрбиелейді. // Азия тарнзит. – 2004. № 6. Б. 53-55.
5. Санап үйренеміз. /Мырза Әли Қ.-Алматы:» Алматы кітап»-2005жыл
6. Ойын арқылы бала бақша балаларының қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру Ахметова Г.Қ.
7. «Жыл – он екі ай» журналы Алматы қаласы.
8. Хейфиц Б.Л. «Поиграй сам и с друзьями» Москва 1999 год.

Қосымшалар

Анықтама

Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Оны көшпелі этномәдени өмір тудырған төлтума өнер деп танимыз. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулитын тәрбиенің көзі. Тіліміздегі, қой асығы деменіз, қолайыңа жақса сақа ғой немесе асығы алшысынан түсті, т.б. тіркестер тегін айтылмаса керек. Сондай-ақ қазақтар жақсы көрген жасты: алтын асықтай немесе киіктің асығындай шымыр деп атайтын үрдіс бар. Мұндай фразеологизмдер асықтың айырықша символдық мәніне қатысты қалыптасқаны анық.

Асық – [төрт түлік мал](#) мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. [Қой](#), [ешкі](#), [сиыр](#), [түйе](#) асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады. Асықпен «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады. Ойында асықтың сыртқы пішіндері үлкен рөл атқарады.



Асық ойнап жатқан балалар анимациялық бейнесі

- **Алшы** – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.
- **Тәйке** (тауа) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.
- **Бүге** (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.
- **Шіге** (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.
- **Тұрық** – асықтың алшы не тәйке түсуі.
- **Омпы** – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі.
- **Сомпы** – асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі.
- **Табан** – асықтың тәйке жағы.
- **Оңқай** – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады.
- **Солақай** – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады.
- **Сақа** – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, межемдісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан ұстайды.

Асық түрлері

1. **Кеней, кентай** - асық ойынында ұпайға тігілетін асық. "Кішкентай" сөзі "Кіші" және "кентай" сөздерінен шыққан. Шүкейдің мүжілген түрі.
2. **Сақа** - асықтың ең үлкені, ірісі. Құлжа сақа - арқардың сақасы.
3. **Ешкімер** - ешкінің асығы.
4. **Қойлақ, жабай** - қойдың асығы.
5. **Құлжаз** - құлжаның асығы.
6. **Топай, сомпай** - бұзау, тайынша асығы.
7. **Шүкейт** - киіктің асығы.
8. **Шүкей** - қозы, ешкі асығы.
9. **Пүш** - тәйке түспесін деп, алшы жағы жонылған асық. "Пұшайман болу" деген сөз осыдан шыққан.

Оңқай - малдың оң жақ аяғының асығы. **Солақай** - малдың сол жақ аяғының асығы.

Тәйке ойыны

Бұл ойынға екіден бес-алты балаға дейін қатыса алады. Ойын үшін тақыр, тегіс жер таңдап алынады. Алаңға түзу сызық сызылып, ойыншылар келісім бойынша бір-бір немесе екі-екі кенейден шығарып, сол сызықтың бойына араларына бір сүйемдей жер қалдырып, тәйкесінен тізіп қояды. Сақаларын соғыстырып, кезек алғандар ретімен үш адымдай жерден сызылған сызықтың сыртына қарай кеней тұрған жерден сақасын шиырып тастайды. Тәйке түссе келесі баланың сақасын шиыруын күтпей, кенейді көздеп атуға құқы бар. Кенейге тигенде, тәйке түссе, барлық тігулі асықты атпай-ақ жиып алады. Алшы тұрса–түпте кезекте тұрған бала оны атып, ойыннан шығартады да, ойын әрмен қарай жалғасады. Тастаған баланың сақасы алшы тұрса, қалған балалар оның сақасын атады, тигізсе–алшы тұрған сақа ойыннан шығады. Ал атқан баланың сақасы тиіп, тәйке түссе, ол да кенейді атады. Тигізсе– үлесін алып, қайтара сақасын тастайды. Алшы да, тәйке де тұрмаса, ойыншылар меже сызықтан кезек бойынша кенейлерді көздеп атады, тисе шарт бойынша асық ұтады. Сызықтан аттап кеткен бала атып тигізген кенейін ала алмайды, айып есебінде және бір кеней қосуына болады. Атқан бала мүлт кеткенше кенейлерді көздеп ата береді. Бұл ойынның қызығы сақаның тәйке түсуімен ұтымды. Сол үшін ойынға тәйке тұрғыш сақа қосады.

«Ханталапай» ойыны

Бұл енді ойынның төресі. Иісі қазақ бұл ойынды ежелден ойнап келеді. Бұл ойынды да басқаларды былай қойып, қыздарға дейін ойнауға болады. 27 Негізінен бұл тек балалар ойыны. Және бір ерекшелігі - бұл ойынды үлкен адам басқарып (яғни, ойнатып) отырса, ойынға өзіндік бір ерекшелік, сән кіріп отырады. Қызығушылық артады.

Ойнау ережесі: Ойынға бес адамға дейін қатыса алады. Бес адам көнге (яғни, ойнап отырған ортаға) бес-бес асықтан тігеді – көнде 25 асық. 26-шы қып-қызыл түске боялған үлкендеу асық – ХАН. (Баяғыда балалар асықты қынаға немесе киіздің ою-өрнегін бояуға арналған бояумен бояп алатын, ал, қазір асық бояуда ешқандай қиындық жоқ дүкендерде бояудың түр-түрі толып тұр). Бұл ұтыс емес ермек ойыны. Әуелі, сақаларын иіріп, кезек ретін анықтап алғаннан кейін (Осы жерде: естеріңізде ме, жоғарыда «Қыз Жібек» фильміндегі көрністі келтіргенбіз: онда ойынды балаларға Төлегеннің әкесі Базарбай шал ойнатып отырады), ойын бастаушы (яғни, ойынды басқарып отырған үлкен адам) қос алақанындағы барлық асықты: «Асықтарым жайлы түс, сый-құрметке майлы түс» деп жерге шашып кеп жібереді. Барлық ойыншылардың көздері жерге шашылып түскен асықтарда. Егер, Ханалшы түссе, ойыншылар жерде шашылып жатқан асықтарға жапатармағай бас салады. (Ханталапай деген осы; жапатармағай бас салғанда, кім аз-көп асық жинағанына қарамай, хан қай ойыншыға түссе, келесі ойынды сол бастайды).

Сонымен, ойын басталады. Хан алшы түскен жоқ. Сондықтан, бірінші кезектегі ойыншы асықтарды ата бастайды. Атқанда: жұдырығын түйген қалпы, шошайып тұрған сұқ саусағымен бүк пен бүкті, шік пен шікті, әлші мен әлшіні, тәйкі мен тәйкіні атады. Атқан кезде тигізіп отырса (қатты ату

шарт емес, керісінше, мұқият, жәйлап ату керек), тигізген асығын ұтқан есебінде ала береді. (Егер атқан асығы басқа асыққа тиіп кетсе немесе ұтқан асығын алып жатқанда, қолы басқа асыққа тиіп кетсе, ойын тоқтатылып, ату кезегі басқа ойыншыға көшеді). Осылайша көндегі асық біткенше ата береді. (Ескерту: атушы бөгелместен бес асық атып алса, алтыншы Ханды атады. Атқаны дәл тиіп, Ханды олжаласа, келесі ойынды сол бастайды. Әрі қарай ата береді. Әрбір атқан асығын ұтқан есебінде ала береді. Көндегі асық біткенше). Егер, атқалы жатқан асығы тым әріректе жатса немесе ортада бөгет боп басқа асықтар жатса, ондай жағдайда бас бармақты сулап жіберіп, ататын асықты жапсырып алады да, атылатын асықтың үстіне әкеліп, өзі түсіп қалғанша ұстап тұрады. Әкеле жатқанда түсіп қалса, не ұстап тұрғанда басқа саусағың тиіп қалса, не түскенде басқа асыққа тиіп кетсе ойын тоқтатылып, ойын келесі кезектегі ойыншыға өтеді. Егер бес асық атып алғаннан кейін, алтыншы Ханды ататын асық болмай қалса (Мысалы: Хан тәйкі тұр, қалған асықтар бүк, шік, әлші болып жатыр), ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. (Ол жерде жатқан қалған барлық асықтарды алақанына 28 жинап алады да, жерге шашып жібереді. Хан әлші тұрмаса, асықтарды ретретімен ата бастайды).

Сонымен, ойын бітті. Енді ойыншылар қолдарындағы ұтқан асықтарын санайды. Біреуінде 7-8, біреулерінде 2-3 асықтан. Демек, 2 асығы бар адам 3 асықтан ұтылып тұр. (Естеріңізде ме, ойынның басында әр ойыншы бес-бес асықтан тіккен еді). Олай болса, ұтқан адам (өзінің бес асығынан артық алған ойыншы ұтқан болып есептелінді) әрбір ұтылған ойыншыда неше асық жетпей тұр, сонша ұпай салғаны. Немесе, өз бұйрығын орындатады: ән айт деуі мүмкін, әйтпесе, басқалай іс-әрекеттер жасатады.

Өлеңді жатқа айтып үйренейік.

Асық - алшы, сақа

Ал, ойналық, балалар,
Әр асықта баға бар.
Ұта білген баланы –
Әрбір бала бағалар.

Шиыр, кәне, асықты,
Таңда және қашықты.
Алшы тұрғыз сақаны,
Қаламаймыз жасықты!
Мына бала қайтеді...
Тұрғызды ғой тәйкені.
Сірә, өзі ұтқыш – ау,
Пысық екен, әй, тегі!

Басу қиын ұтқышты,
Мынау сақа бүк түсті.
Енді қара мынаған –

Анау сақа шік түсті!

Саспа, таста, балақай,
Асық озды қара, қай.
Шиыр енді сақаңды –
АЛШЫ ТҮСТІ, АЛАҚАЙ

Шеки алып қолыма,
Асық ойнап ләй-ләй
Мұнша бала таңқалып,
Тұрсақ ойнап ләй-ләй.
Кешке дейін асықты
Ойнап едік ләй-ләй.
Қызығына ойынның,
Тоймап едік ләй-ләй.
Осы асықпен жетілген,
Батырларым ләй-ләй.
Бұл асықты ойнаған
Ақындарым ләй-ләй.

Иірімекіл

Асығың түссе алшыдан –
Несібе күт аңшыдан.
Биік ұшып бүркітің,
Құс іледі қаршығаң.

Асығың түссе тәйкеден –
Жоғарылар мәртебең.
Алдына қара салдырмай,
Атың келер бәйгеден.

Асығың түссе бүгінен –
Көш түзелер жүгімен.
Нұрлы ертеңің туралы
Түс көресің түнімен.

Асығың түссе шігінен –
Қуаныш болар шынымен.
Жақсы көрер жандарың
Қарсы алады гүлімен.

Асығың түссе омпадан –
Жасайсың сен оң қадам.
Аталарың асықпен
Ертеңді өстіп болжаған!

Санамақ

Бір дегенім – бесік,
Шықтық содан өсіп,

Екі деген – Елім,
Далам, тауым, көгім.

Үш дегенім – Үміт,
Үміт аптар жігіт.

Төрт дегенім – төзім,
Төзе білем өзім.

Бес дегенім – Бақыт,
Бағалайтын уақыт.

Бір дегенің – бесігіңді түзедің
Бір дегенің – бесігіңді түзедің,
Екі дегенің – Егеменді ел дедің.
Үш дегенің – ана тілім асылым,
Басқа тілден мәртебесін асырдың.
Төртіншіңіз төреліктен таймаған,
Нұрсұлтанды хан тағына сайлаған.
Бес дегенің – берекелі болғаны.
Алты дегенің – ұраның айбының асырған
Жеті дегенің – ту ұстадық жасылдан
Сегізінші салт-дәстүрін оралған.
Тоғызыншы атың кетті алысқа,
Тоқтар бастап қазақ ұшты ғарышқа
Он дегенің – орындалып ойдағың
Наурызыңды өз мәнінде тойладың.

Ал санайық, санайық
Ал санайық, санайық,
Сан сырына қанайық!
Бір саусақты жұмайық,
«Бір саны», - деп ұғайық!
Екі саусақ жұмайық
«Екі сан» - деп тынайық!
Үшіншісін жұмайық,
«Үш саны» - деп шығайық!
Тағы бірін жұмайық,
Төрт санына ылайық.
Жұдырықты жұмайық,
"Бес болды» - деп ұғайық.

Оң қолдың енді біреуін,
Тағы да ептеп жұмайық,
«Алты сан», - деп ұғайық,
Екіншісін жұмайық,
«Жеті сан» - деп ұғайық!
Үшіншісін жұмайық,
«Сегіз ғой» - деп тынайық!
Тағы бәрін жұмайық,
Тоғыз санға ылайық.
Жұдырықты жұмайық,
«Он болды» - деп ұғайық.

Мақал-мәтелдерді жатқа айтып үйренейік.

Қой асығы деменіз,
Қолыңа жақса, сақа тұт.
Жасы кіші деменіз,
Ақылы асса, аға тұт.

Оқығанның асығы алшысынан түседі.

Асық ойнаған — ақтық,
Доп ойнаған — тоқтық.

Оңқай – асықтай,
Күміс – қасықтай.

Асығын ата алмаған,
Сақасынан көреді.
Сөзін сөйлей алмаған,
Атасынан көреді.

Ата баласы
Азарыңда асық ойнайды.

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

«ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА»

Жұмыс дәптері




Дайындаған тәрбиеші: Жаканова Ж.М.

Ақадыр кенті



Жұмыс дәптері



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген
авторлық бағдарлама бойынша 4-5 жастағы
балаларға арналған.

Қымбатты дос!



Келешек ұрпаққа асық ойындарының тәрбиелік мәнін зор екендігінің, мергендікке, шапшандыққа ептілікке және қырағылыққа жекелейтінін дәлелдеу мақсатымен танысасың.

Алған білімің саған өмірде керек болатынын есінде сақта.

Сәттілік тілейміз!

«Ұлттық ойындардың бірі-асық ойыны»



(Видео арқылы балалармен жұмыс)



«Асықтың түрлері»

Асық түрлері

- 1.Кепей-ұсақ асық
- 2.Құлжа- арқардың аталығының асығы
- 3.Сақа -арқардың асығы
- 4.Жабайт- еліктің асығы
- 5.Топай- сиырдың асығы
- 6.Шүкейт- жас малдың асығы
- 7.Ойлақ- қойдың асығы
- 8.Ешкімек- ешкінің асығы



«Асықтың атаулары»



Алшы

Тәйке

Бүк

Шік


«Сиқырлы асықтар»



«Алшы түрі»



«Тәйке түрі»



«Бүк түрі»



«Шік түрі»



«Математикалық эстафета»



Қазақтың ұлттық ойыны «Ханталапай»



«Асықты түсіне қарай қорапшаға сал»



«Кім шапшаң?»



«Санамақ»



«Асықтарды жина»



«Сиқырлы асықтар»



«Бүк-Шік»



«Асықпен сурет салу»



«Асық туралы мақал-мәтел»



Асық туралы өлең шумақтарын оқу



Есеп шотпен санау



«Қызықты дойбы»



«Асықтарды түсіне қарай орналастыру»



«Асықтарды санау»



«Асықпен геометриялық пішіндерді құрастыру»



«Құмда асықпен әр түрлі бейнелерді салу»



«Не үйрендік?»



«Кім тапқыр?»



«Ойлан, тап!»



«Жұмбақ есептер»



«Логикалық тізбек»



«Асықтар тізбесі»



«Суретті аяқта»




«Айырмашылығын тап»



«Суретпен жұмыс»



«Асықтарды санау. Тура және кері санау»



«Асық-алтын қазынам!»

